Электромагниттік өрістің биологиялық объектіге әсерінің эффектісі электромагниттік энергияның осы объектімен оның өрісте табылу барысында жұтылатын мөлшерімен бағалау қабылданған. Электромагниттік өрісті екі өрістердің: электрлік пен магниттік өрістердің құрылуы деп қарастырған жөн. Электрлік өріс электр құрылғыларында кернеудің ток өткізетін бөліктерінде пайда болғанда, ал магниттік өріс осы бөліктермен ток өткенде пайда болады.

Өндірістік жиілікте электрлік пен магниттік өрістер бір – бірімен байланысты емес деп санаған жөн. Сондықтан оларды әрқайсысын бөлек қарастыруға болады. Өндірістік жиіліктің магниттік өріс кернеулігінің шекті рұқсат етілген мәні тек сымның бетінде пайда болуы мүмкін. Бұл тек кернеу асты жұмыстарында 110 кВ – та жұмыс істейтін құрылғыларға қатысты.

Сондықтан электромагниттік өрістің организмге теріс әсері электрлік өрістің болуымен ескерілген.

Электрлік қорғаныстың атмосфералық асқын кернеуліктен қорғаныс мәселелері өте қиын және комплексті сипаттамада болады. Оның құраушы бөліктерінде найзағайдың тікелей түсуінен электрлік қондырғының қорғаушы элементтері туралы және найзағайдың тікелей түсуінен электрлік қондырғының элементтерін қорғалатын оқшаулағышты жабу мен құрылғының жоғары импульсті кернеудің пайда болу нәтижесіндегі тесілуден қорғайтын сұрақтарды қамтиды. Электрлік қондырғының найзағайдың тікелей түсуінен қорғаушы элементтерінің негізін жай тартқыш құрылғылары құрайды. Яғни ол -қорғалатын электрлік қондырғы элементтеріне қарағанда жоғары орналасқан өте жақсы жерлестірілген өткізгіш.

Электрлік машиналардың, трансформаторлардың, шырақтардың, аппараттардың корпустары және басқа да металлды тоқ өткізбейтін бөліктер олардың тоқ өткізетін бөліктерінің корпусқа тұйықталу кезінде кернеу астында қалуы мүмкін. Егер корпус жермен байланысы болмаса да оған қол тигізу фазаға қол тигізу сияқты өте қауіпті. Ал егер де корпус жерлескен болса, онда ол адамға қауіпсіз төменгі мөлшердегі кернеуліктің астында қалады.

Адамның денесі арқылы өтетін кернеу мен тоқтың рұқсат етілген параметрлерінің мәні сәйкесінше 36 В және 6 А. Берілген қосалқы станция жерлегіштердің бір – бірінен алыс емес қашықтықта орналасқан контур бойынша жерлестірілу қажет.

- аппаратураны қызмет көрсететін және жөндейтін адамдар, 1000 В-қа дейін құрылғыларда электроқорғаныстың 3 тобына ие болуы қажет, жеке өзі қызмет көрсеткен жағдайда.

- қызмет көрсетушілер (оператор) – 2 топын.

- барлық бөлме контурында жерлену шиналары қойылуы қажет.

- барлық металлургиялық қондырғылар жерлендірілуі қажет, ал электр құрылғы корпусы жерлендіру тростары жеріне қосылуы қажет, техника қауіпсіздігі ережесіне сай.

Техникалық шаралар.

а) Техникалық шаралары үшке бөлінеді. Бұларды орындайтын жұмысшылар электр қондырғыларын іске қосқанда жауапкершілігі жоғары маман болуы керек.

1) оперативті персонал — (кезекші электротехникалық персонал) бүкіл электрлік қондырғыларын қосып және соған жауап береді.

2) жөндейтін персонал— бұлар электр қондырғыларын жөндеу, реттеу, монтаждау сияқты жұмыстарға жауап береді.

3) оперативтік жөндеу персоналы — бұлар ірі жөндеу, реттеу, орнатумен қоса түгел, электрлік жабдықтарын қосып, әрі жауап береді.

Өндірістік шарттарда электр қауіпсіздігі электр қондырғылардың сәйкес құрылымымен, техникалық әдістермен қорғаныс құралдарымен, ұйымдастырушылық және техникалық шаралармен қамтамасыз етіледі.

б) Электрлік жабдықтарын жөндейтін әрбір жұмысшы жұмысқа барар алдында электр қауіпсіздігі емтиханын тапсырып, білімін тексеріп, одан соң ғана рұқсат алады. Электрлік қәуіпсіздігі туралы семинарлар өтіп, жұмыс орнында квалификациялық комиссиялар емтихан тапсырушыларды тексереді.

Электр қауіпсіздік мәселесінің дұрыс шешілуі адамның электр энергияны әртүрлі жағдайларда қауіпсіз қолдануымен қамтамасыз етілу керек.

Электр қондырғылардың транспорттағы мен транспорттық құрылыстағы біршама бөлігі шаң-тозаң, дымқыл мен ылғал атмосфералық шықтың әсеріне ұшарайтын қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтінін ескеру қажет. Аталған жағдайлар адамдарды электр тоғымен зақымдану қәуіптілк дәрежесін жоғарлатады. Сол себепті, электр тоғын түрлендірумен, тұтынумен, электр жабдықтаумен байланысты шараларды жүргізу электр қауіпсіздігі нұсқауларын нақты білуді мен сақтауды мұқтаждық етеді.

Электр қауіпсіздік ережесін сақтамау көп жағдайларда экономикалық объектілердің бірқатар материалдың зақымдануына, өртке, көп жағдайларда адамдардың зардап шегуі мен кей жағдайда адамның өліміне алып келеді.

Қәзіргі таңда келесі құралдар кең қолданысын тапты:

-қорғаныстық жерлендіру;

-нөлдеу;

-электр жүйені қорғаныстық ажырату;

-қорғаныстық айыру;

-оқшаулаушы қорғаныс құралдары.

-аз көлемдегі кернеуді қолдану;

-оқшаулағышты қолдану;

-кездейсоқ тиіп кетуден қорғаныс;

Электрлік жабдықтарды қолданудағы аталған не одан басқа техникалық құрал-саймандар типтерін қолдану қажеттілігі электр жабдықтарды орнату талаптары мен тұтынушылардың электр жабдықтарды қолдану шарттарында көрсетілген. Соған қарамастан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері әдетте салыну кезеңінде талқыланады; ГОСТ 2.119-73 шартына сәйкес, эскиз план кезеңінде қауіпсіздікті қамтамсыздайтын жобаланытын объектінің бағдарламасы жасалуы тиіс. Инженердің жұмысы объектіде қәуіпті жағдайлардың пайда болуы мүмкін себептердің дұрыс талқылауын мен объектіде тиімді қорғау жабдықтарын таңдаудан тұрады.

2.2 Өрт қауіпсіздігінің шаралары. Өрт сөндіру жүйесіне есеп жүргізу.


№ «43А» ҚС аумағында өрт болған жағдайда жабдыққа зиянды азайту мақсатында өрт сөндіру жүйесі жасалды.

Ол екі негізгі өрт сөндіру аймғына бөлінеді:

1) 110 кВ кернеу аймағы

Бұл аймақта өртті сөндіру үшін ПУЭ пункті бойынша Алматы қаласының сумен жабдықтау желісіне жалғанған өрт сөндіру құбыры қарастырылған.

Өрт сөндіру гидранттарын өрт сөндіру жолдарына жақын орналастыру керек және өрт сөндіру аймағының барлығын қамтуы тиіс.



Шартты белгілер: - Өрт сөндіру гидр ы

2.1 сурет - Өрт сөндіру гидранттарын қосалқы станцияның жоғары кернеу аймағықтарыда орналастыру жоспары

.

Басқару жүйесі мен сигнал беру жүйесі, зақымданған (жанған) аймақты автоматты түрде өшуін қамтамасыз етуі керек. Яғни қосалқы станцияның қызметкерлерін және өрт сөндіру қызметкерлеріне электр тогының соғуын болдырмау мақсатында.

Сондай-ақ, бақылау жүйесімен және өрт сөндіру жүйесімен өрт сөндіру аймағында орналасқан барлық кабельдік арналар жабдықталған болуы тиіс. Кабельдік арналарда сусіңіргіш жүйелері жасалуы керек. Өрттен келетін зардаптарды азайту мақсатында апаттық майсіңіргіш (маслоотвод) құрастырылған.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жабдықтарды тиімді орналастыру керек. Өрт сөндіру көлігіне тиімді жүру жолдарын қамтамасыз ету керек. Құрылыс нормалары бойынша бұндай жолдардың үлкендігі 3,5 метрден аз болмауы тиіс.


Жабдықтардың замқымдануын азайту үшін, тарату құрылғысында ұнтақ түрінде сөндіру жүйесі орнатылған , ол хабарлау жүйесімен өрт сөндіру жүйесімен қамтылған.

Бұл жүйенің жұмыс істеу принципі қорғау аймағын үздіксіз мониторинг жасау болып табылады. Ал өтр шыққан жағдайда өрт шыққанын персоналға бірден хабарлайды да кернеуді өшіреді және автоматты түрде өртті өрт сөндіру модулі арқылы өшіреді.

Өрт сөндіру модулдерін өрт сөндіру аймағын толық қамтамасыз ететіндей орналастыру қажет. Ал басқару құрылғылары және хабарлау құрылғыларын арнайы автономды электрмен жабдықтау схемасы арқылы жасалуы керек.

Негізгі өрт сөндіру құрылғылары ретінде ұнтақты өрт сөндіру модулі орнаылған МПП-8Н Буран-8Н (Компания «Эпотос»). Өрт сөндіру мақсатында бұл модуль үлкен қамту ауданымен оте көп ұнтақты озіне сыйдыруымен ерекшеленеді. Бұл модуль бөлменің төбесіне бекітіледі де өртті хабарлау жүйесінің дабылы арқылы жүзеге асады.

Осы принцип бойынша басқада бөлмелердің өрт қауіпсішдік жүйесі орналастырылады: диспетчерлік бөлме, қызметкерлер бөлмесі т.б. Талаптарға сәйкес бұндай бөлмелер дабыл жүйесімен өртті хабарлау жүйесімен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұларға: өрт сөнддіру құралы және басқады өртті сөндіруге арналған құрылғылар.



2.2 сурет - Ұнтақты өрт сөндіру жүйесінің орналастыру модулі

Автоматты өрт сөндіріу:

Өрт сөндіу құралы ретінде (комбинированный углекислотно-хладоновый состав) қолданылады

$$m_d=k\cdot g_n\cdot V \qquad (2.1)$$

мұндағы: $k=1.2$- ескерілмейтін шығындардың коэфициенті

V- бөлменің ауданы

$$V=A\cdot B\cdot H \qquad (2.2)$$

мұндағы: A = 6м - бөлменің ұзындығы

B = 6м - бөлменің ені

H = 2,5м - бөлменің биіктігі

$$V=6\cdot 6\cdot 2{,}5=90\ м^2 \qquad (2.3)$$

m_d=1,2·0,4·90=43 кг

Магистралдық құбырдың ішкі диаметрі d_i келесі формуламен анықталады

$$d_i=12\cdot\sqrt{2}=17 \text{ мм}$$

Магистралдық құбырдың эквиваленттік ұзындығы l_2 келесі формуламен анықталады

$$l_2=k_1\cdot l \quad (2.4)$$

мұндағы: $l_2 = 33\,м$ - құбыр желісінің ұзындығы

l_2=1,2·33=40 м

Шығу саңылауының қимасының ауданын келесі формуламен табылады

$$A_3=\frac{S}{\varepsilon_1} \quad (2.5)$$

мұндағы: S - магистралды құбырдың қимасының ауданы

ε - суландырғыштың саны

$$A_3=\frac{3,14\cdot 8,5^2}{3}=75 \text{ мм}^2$$

Углекислотно-хладонового құрамның жеткізіп беру уақыты келесі формуламен анықталады

$$t=\frac{m_d}{60\cdot Q} \quad (2.6)$$

$$t=\frac{43}{60\cdot 1,4}=0,5 \text{ мин}$$

Алынған нәтижелерге қарап, автоматты өрт сөндіру жүйесінің жақсы жұмысы үшін углекислотно-хладонового құрамының 4 балон керек екенін анықтадым, сыйымдылығы 40 л , қоспа салмағы 25 кг және жұмыс істеу қысымы 12,5 МПа

2.3 Қ/станциядағы қондырғыларды жобалауда шудың деңгейін бағалау және есептеу

Бүгінгі таңда жағымсыз дыбыстарды шу деп атаймыз.Жағымсыз дыбыстар шуды қалыптастырады.Дыбыс, серпінді ортада таралатын серпінді толқындарды,кейбір қуат көзімен келген ортадағы тербелістерді дыбыс деп атайды. Дыбыс толқындары таралатын ортаны дыбыс өрісі деп аталады. Мұнда, кез-келген нүктеде атмосферамен салыстырғанда, қысымның өзгеруіне алып келген, сейілтілген және қысылған деформация пайда болады. Күйінген ортада зерттелетін толық қысыммен ортақ қысымның айырмашылықтарды, дыбыстық қысым деп атайды.

Дыбыс серпінді толқындар таралатын ортасына тәуелді, әуе және құрылымды дыбысқа бөлінеді.

Дыбыс,дыбыстық қысыммен,жылдамдықпен және дыбыс толқындары таралатын бағытпен,дыбыс қуатының қарқынды түрде берілуімен сипатталады

Шу адамға,оның қоршаған ортасына маңызды әсер етіп және ол мынадай әсерлермен озон қабатының қышқыл жаңбырларымен бұзылуымен салыстырылады. Шу факторы дамыған елдерде экологиялық факторларының шегін анықтайтын фактор болып қалыптасады.

Адамға жағымсыз шудың әсер ететіні баяғыдан белгілі. Сондықтан, адамдар тыныштыққа талпынады,ал шумен айқасу тарихы, ежелгі тарихтан келе жатыр. Мысалы, Сибарито Грек қаласының тұрғындары біздің ғасырға дейін, қала аймақтарынан барлық шу өндірістерін жоюға талап етеді, ал Ежелгі Римде түнгі уақытта арбаның жүруіне тыйым салған.

Зерттеушілер анықтағандай, 70% халықта қан қысымы көтеріліп және шудың әсер беру кезінде пульс жиілігі 10%.Мамандар бекіткендей, жоғары шу арқылы,қалада аурушылық 30% көтеріледі, ал өмір сүру уақыты 8-10 жылға төмендейді, еңбек қабілеттілігі минимум 10% төмендейді, ал демалу тиімділігі екі есе төмендейді.

Ашық тарату құрылғылардың тұрақты шулардың көзі болып (АТҚ) трансформаторлар, электроберілгішті жоғары вольттық желілері,синхронды компенсаторлар болып келеді, ал уақытша шудың көзі болып-әуе ажыратқыштары болып табылады.Трансформатордағы шулар электротехникалық трансформатордың болат өзекшесінің магнитакустикалық тербелістермен болады. Олардан келген дірілдеу бак кедергісінің белсенді бөлшегімен, май және түйіншік,өзіндік бакпен және одан шыққан ауамен, әртүрлі жиіліктегі дыбыс толқының тербелісі сияқты түрде беріледі. Әсіресе,қатты шу бак қақпағынан шығады.Шудың қосымша көзі ,бак конструкциясымен байланысты бак тербелісі болып табылады. Кейбір трансформаторларды салқындату үшін, шудың көзі болып табылатын желдеткіштер қолданылады.Шу деңгейі трансформаторлардың жүктеуінен және номиналды кернеуінен тәуелді емес, ең басты факторлары- номиналды қуат және трансформатор көлемдері. Трансформатор шуы-жиілігі бар тербелістен,жұмыстық жиілікке қысқаша болып келеді,атап айтқанда: 100,200,300 және басқа 4000-6000Гц-ке дейін баратын тербелістерден тұрады.

Күшті трансформаторларда төмен жиілік және салқындатқыш желдеткіштерге трансформатордан жойылатын тез өшетін жоғары жиіліктер шығарылған. Дыбыстық тоөындар, трансформатордың екі жағынан таралады.

Трансформаторлардың шу сипаттамалары дБа есептеледі. Бұл, көптеген зерттеулердің,жиілік жолағын октавада емес, А шкаласы бойынша өлшеуі шектен шығып көтерілгенімен байланысты.АТҚ трансформаторлар 47 жанындағы шу деңгейі 76-85 дБа диапазонында болады.

Шумен күрес мәселесі еңбекті қорғаудың және қоршаған ортаны қорғаудың бірегейлі бөлігі болып табылады. Шумен күрес гигиеналық, техникалық басқару және құқық мәселелерінің шешілуне байланысты кешенді мәселе болып табылады. Соңғы жылдардағы зерттеулер шудың әсерінен көру қырағылығы, ішек – қарын жолдарының қызметі, ішкі бас сүйегінің қысымы, зат алмасу процесі және т.б. бұзылады. Әсіресе импульсті шу жұмыс операцияларын орындау дәлдігін нашарлатады, 54 ақпаратты қабылдауды қиындатады. Шудың әсер ету нәтижесінде жұмыс істейтін адамның еңбек өнімділігі төмендейді, жұмыста ақаулықтар жіберу көбейеді, бақытсыз жағдайлар пайда болуына алғы шарттар құралады.

Шудың аккустикалық есебін жүргізу және шудың адам организіміне әсер етуінен қорғану шараларын жасау.

Шарт бойынша өндірістік орында шудың төрт көзі бар. Олардың дыбыстық қуат деңгейі бірдей. Алынған нүкте үшін дыбыс қысымының октавалық деңгейін есептеу керек. Барлық шу көздері еденнің үстінде тұр деп есептейміз.(Ф=1).

Шу көздері нүктеден r қашықтықта және еденнен 1.5 м биіктікте орналасқан. Шу көздерінің және нүктенің сұлбасын сызу керек. Есептің нәтижесін дыбыс қысымының деңгейінің нормативімен салыстыру керек. Егер салыстыру нәтижесінде есептелген деңгейі нормативтен үлкен болса, онда дыбыс қысымын төмендетіп, қауіпсіздік шараларын қолдану керек.

Шудың кез келген көзі уақыт бірлігі үшін қоршаған ортада көздермен сәулеленетін дыбыс энергиясының жалпы санын анықтайтын дыбыс қуатымен сипатталады. Дыбыс қуаты тәуелділік қарқындылығына байланысты. Шуларды өлшеу және талдауда, акустикалық есептерді жүргізуде спектрлерді октавалық немесе үш октавалық диапазондар арқылы бағалаймыз. Шудың адам организміне ұзақ уақыт әсер етуі, бірнеше қолайсыз жағдайлардың пайда болуына әкеледі: көру, есту мүшелерінің жұмысы төмендеп қан қысымы көтеріледі. Шумен күресудегі ең негізгі шаралары бұл – үш негізгі бағытта жүзеге асырылатын техникалық шаралар:шудың пайда болу себебін немесе оның көзінің шуын азайту шаралары; 55 7м 10м

– беру жолдарының шуын азайту;

– қосалқы стансадағы жұмысшыларды қорғау.

Трансформатордың шуын есептеу

ПС трансформаторларында ТРДН- 40000/110 маркалы 2 автотрансформаторлар тұр. Жалпы қолдануға арналған Күштік үш фазалық үш ораулы автотрансформатор электрлік желі байланысының кернеуі

200,110,10 кВ қамтамас етеді. Автотрансформаторлар жүк астындағы кернеуді 100 кВ басқаратын және ДЦ салқындатқыш жүйесінен(бактағы майды мәжбүрлеп айналуы және салқындатқыш жүйесіне мәжбүрлеп үрлеу) құрастырылған құралға ие.Берілген трансформатор түрі жоғарлатылған габариттермен,жоғарлатылған шу деңгейімен сиппаталады. Мұндай трансформаторлар үшін, дыбыс деңгейі 108 дБА құрайды. Әдеттегінше ТП 2 трансформатордан қояды, онда қосынды деңгейі құрайды :

Қосалқы станцияда шу көзі ретінде трансформатор қолданылады . Бірінші шу көзы есептік нүктеден 2м қашықтықта орналасқан екінші шу көзі есептік нүктеден 6м қашықтықта орналасқан

Шу көздері еден бетінде орналасқандықтан:

$$S=\pi \cdot r^2 \text{ ,м}^2 \quad (2.7)$$

$S_1=3,14\cdot 2^2 =12,56 \text{ м}^2$

$S_2=3,14\cdot 6^2 =113,04 \text{ м}^2$

Ψ – B/Sогр қатынасынан сызбақтан анықталатын қоршау беттерін есепке алатын еселеуіш, біздің жағдайда B/Sогр = 0.6 болғанда, Ψ = 0,63

B – бөлме тұрақтысы , $м^2$

$$B=B_{1000}\cdot \mu \quad (2.8)$$

мұндағы: B_{1000} – 1000Гц ортагеометриялық жиіліктегі бөлменің түрі мен көлеміне байланысты бөлме тұрақтысы, м2 .

μ - жиіліктік көбейткіш.

Біздің бөлмеміз үшін:

$$B_{1000}=\frac{V}{20} \quad (2.9)$$

мұндағы: V- бөлме көлемі.

$$B_{1000}=\frac{70}{20}=3,5 \quad (2.10)$$

2.1 кесте - Трансформатордың шуын есептеу кестесі

Трансформаторлардың қуат түрлері, МВА	Дұрысталған дыбыс қуатының деңгейі LPA, дБА, кернеу кластары үшін, кВ		
	110;150	220;330	500;750
63	-	105	-
80	103	107	-
125	106	108	110
200	108	110	112
250	109	112	113
400	110	114	115
500	-	115	116

$$L_{сум}=Lw+10\cdot\lg n \qquad (2.4)$$

мұндағы: $L_{сум}$ - трансформатордың шуы, дБА;

n - трансформатордың саны ;

$L_{сум}=103+10\cdot\lg\cdot 2=109$ дБА

СанПиН РК №3.01.035-97. сәйкес, жұмыс орындағы рұқсат берілген шу деңгейі. «Жұмыс орын, тұрғылықты бөлмелерде, қоғами ғимараттарда және тұрғылықты құрылыс аймақтарындағы шу» 80 дБА құрайды. Осылайша, жұмыс орында шу шығартын трансформаторлар, берілгеннен жоғары болады. Сондықтан жұмыс орындағы шуды төмендету үшін арнайы кешен өткізу қажет.

3. Экономикалық бөлім

3.1 Жобаны жасаудың мақсаты

Бұл жұмыстағы технико-экономикалық есептеудің мақсаты 43А қосалқы станциясы қайта құру арқылы, Алматы қаласының тұтынушыларының электрмен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру болып келеді.

3.2 Қосалқы станцияның экономикалық көреткіштері

Қосалқы станцияға кететін қаржы салымдары келтірілген анық-тамаларда жалпылама қосынды құндары келесідегідей құраушылармен анықталады:

- Электрлік жабдықтар;
- Құрылыс жұмыстары ;
- Жабдықтарды орналастыру және қосу;
- Ескерілмеген шығындар.

ТҚ ұяшығының құнына ажыратқыштардың, айырғыштардың, ток пен кернеу трансформаторларының, қайта кернеуленуді шектеуіштің, басқару аппаратурасының, сигнал берудің, ЖҚ және А, бақылау кабельдерінің, шиналық өткізгіштердің, құрылыс конструкцияларының, фундаменттердің, сондай-ақ құрылыс-монтаждық жұмыстардың құндары кіреді.

Трансформаторлардың және автотрансформаторлардың есептік құнын есептеген кезде шиналық өткізгіштерді де орнату, шина өткізгіштерін, найзағайдан қорғану, жерге тұйықтау, бақылау кабельдері, релелік қорғаныс, құрылыс конструкцияларының, құрылыс-монтаждық жұмыстардың шығындарын есепке алыну керек.

Қосалқы станса бойынша шығындардың тұрақты бөлігінің көрсет-кіштері нысан салынатын ауданнын дайындаудың, жалпы қосалқы стансаны басқару пунтінің, өз қажетіне жұмсалатын шығындар бойынша құрыл-ғылардың, аккумляторлық батерея, компрессор, ішкі және сыртқы жолдар-дың, байланыс пен телемеханика құралдарының, май шаруашылығы, су тасымалы, канализация, сыртқы жарықтандыру және басқа да жалпы қо-салқы стансалық элементтердің құны бойынша қосынды толық шығындар кіреді.

35/10 кВ кернеудегі қосалқы станциясына қажетті қаржыны есептеу үшін электрлік жабдықтардан құрылыс жұмыстарына 29%, орналастыру мен қосуға 10% және ескерілмеген шығындарға

3.3 Қосалқы станциядағы капиталдық салымдарды анықтау

Қосалқы станцияны қайта құрудағы капиталдық шығындар аумақты дайындауға кететін шығындардан, трансформаторды, ажыратқыштарды және басқада жабдықтарды сатып алудан, монтаждық жұмыстық шығындардан тұрады.

Қосалқы станциядағы капиталдық салымдар көптеген факторларға байланысты және құраушыдан тұрады.

- жабдықтар бойынша шығындар
- тұрақты шығындар

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы ($К_{жалпы}$) келесі формула бойынша есептелінеді:

$$К_{жалпы}=К_{жаб}+К_т \; К_{жалпы} = К_{қ.ж} + К_{ж.с} + К_м + К_{б.с}, \text{ мың. теңге} \qquad (3.1)$$

мұндағы:$К_{ж.с}$ – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$К_{қ.ж}$ – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

$К_м$ – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$К_{б.с}$ – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

Қосалқы станцияны қайта құрудағы капиталдық салымдарды табу мен оны монтаж жасау 1 кестеде көрсетілген

3.1 кесте - Объектідегі капиталды салым

Жабдықтың атауы	Ұяшық саны мен жабдықтар саны	Бір ұяшықтың немесе бір жабдықтың құны млн.тнг	Жалпы құны, млн.тнг
Трансформатор ТРДН 40000/110	2	20,813	41,626
Выключатель ВЭБ – 110II – 2500 - 40	3	0,78	2,34
Выключатель ВМП–10–2500-40	7	0,36	2,52

Разъединители РНД-110/1000 У1	5	0,045	0,225
3.1 кестенің жалғасы			
Разъединители РВР-10/25000 У1	13	0,00759	0,098
Трансформатор собственных нужд	2	1,463	2,926
Трансформаторы тока ТФЗМ-110Б-У4	2	0,21	0,42
Трансформаторы тока ТШЛК-10-У3	4	0,03	0,06
Трансформатор напряжения НКФ-110-57	2	0,17	0,34
Трансформатор напряжения НТМИ-10	4	0,14	0,28
Тұрақты шығындар			90,000
Барлығы			140,835

Қайта құруға кеткен барлық капиталдық салымдар:

$$К_{жалпы}=К_{жаб}+К_{т} \quad (3.2)$$

$$К_{жалпы}=50,835+90,000_{т}=140,835 \text{ млн.тенге}$$

3.4 Қосалқы станцядағы жылдық шығындарды есептеу

Қосалқы станцияны қайта құру шығындары жалпы еңбекақы төлеу қорымен, амартизациялық аударымдармен, жөндеу жұмыстарының шығындарымен т.б. байланысты.

$$И_{жалпы} = И_{а} + И_{е.а} + И_{б.э.с} + И_{м} + И_{ө} + И_{к}, \quad (3.3)$$

мұндағы:$И_{а}$ – амортизациялық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы – 5-10%);

$И_{е.а}$– жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$И_{б.ә.с}$– $И_{з.п}$ және зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 11% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық:

$$И_{з.ж.ж}= (И_{е.а}– И_{п.ф})0,11 \quad (3.4)$$

мұндағы $И_{м}$ – материалдық шығындар және қосалқы бөлшектер (мәліметтер жоқ болған жағдайда капиталдық салымдардан 0,5%);

$И_{ө}$ – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы және/немесе электр энергиясы шығындарының құны;

$И_{қ}$ – қосымша шығындар (немесе жанама шығындар – басқару, шаруашылық, кадрларды оқытуға кеткен шығындар, көлік шығындары). Әдетте, бұл барлық шығындар сомасынан 12÷15 % құрайды.

Жылдық амартизацияға кететін шығындар, тенге/жыл

$$И_{ам}=\frac{\alpha_{ам}}{100} \cdot К_{жалпы} \quad (3.5)$$

мұндағы:$\alpha_{ам}$ - амартизацияға жұмсалатын нормалық коэффициент,7%;

$$И_{ам}=\frac{9}{100} \cdot 140,835= 9,8 млн.тенге$$

$И_{об/реж}$ - жөндеу жұмыстарымен қызмет көрсету жұмыстарына кететін шығын, тенге/жыл (капиталдық және ағымдағы), нормалық коэффициент 25%

$$И_{жқ}=\frac{\alpha_{об/рам}}{100} \cdot К_{жалпы} \quad (3.6)$$

$$И_{жқ}=\frac{25}{100} \cdot 25=6,25 млн.тенге$$

$И_{кс}$ - қосымша шығындар, нормалық коэффициент 35%:

$$И_{кс}=\frac{35}{100} \cdot 25=8,75 млн.тенге$$

Қосалқы станцияның кететін жалпы шығыны:

$$\Sigma И_{жалпы}=9,8+6,25+8,75=24,8 млн.тенге$$

3.5 Электр энергиясының өзіндік құнын есептеу

Электр энергиясының өзіндік құны келесі формуламен анықталады:

$$S_{перед}=\frac{\Sigma И_{жалпы}}{Э_{жыл}} \quad (3.7)$$

мұндағы: $Э_{жыл}$ - жылдық тасмалданатын электр энергиясының саны

Жылдық тасмалданатын электр энергиясының саны келесі формуламен анықталады:

$$Э_{год}=n\cdot К_з\cdot S_{ном.тр}\cdot cos\varphi\cdot T_{мах} \quad (3.8)$$

мұндағы n – трансформаторлар саны;

$cos\varphi$ – қуат коэффициенті, 0,8-ге тең;

$S_{ном.тр}$ – трансформатордың номиналды қуаты;

$T_{мах}$ – максимум жүктеме уақыты;

$Э_{год}=2\cdot 0,7\cdot 40\cdot 0,8\cdot 4800=21,5$

Трансформатордың электр энергиясын жоғалту:

$$S_{перед}=\frac{24,8}{21,5} \quad (3.9)$$

$S_{перед}$=1,1 теңге/кВт·сағат

Электр энергиясының құны:

$T_{ӨҰ}$ = 8,3 теңге/кВт · сағ Энергожүйеде тасымалданатын электр энергияның толық өзіндік құны электр энергиясын өндіретін ұйымның бағасы.(«АлЭС»)

$T_{НЭС}$ = 2,4теңге/кВт·с НЭС желілерінде тасымалдану тарифі бойынша (KEGOC)

$T_{РЭК}$ = 4,2 теңге/кВт·с аумақтық электр желілік компания-ның тарифі бойынша

$T_{43А}$ = 1,1 теңге/кВт·с қосалқы стансаның электр энергиясын тарату өзіндік құнынан құралады.

$$T_з=T_{ӨҰ}+T_{НЭС}+T_{РЭК}+T_{43А} \quad (3.10)$$

$T_з$=8,3+2,4+4,2+1,1=14,1 теңге/кВт·с

Электр энергиясын беруде болжалдалдап отырған пайда:

Т = 15,3 43А қосалқы стансасындағы электр энергия тарифі

$$V_{43А}=Э_т \cdot Т \quad (3.11)$$

$V_{43А}=215,04 \cdot 15,1=3247,1$ млн.теңге

Электр энергиясын өндіретін ұйымның төлемдері:

$V_{ӨҰ}=215,04 \cdot 8,3=1784,776$ млн.теңге

Қалалық желілердегі төлемдері (KEGOC):

$V_{НЭС}=215,04 \cdot 2,4=516,096$ млн.теңге

Ұлттық желілердегі төлемдері(АЖК):

$V_{РЭК}=215,04 \cdot 4,2=903,16$ млн.теңге

Көзделіп отырған пайдадан қалдық келесідей анықталады:

ЧП=3247,1-1784,776-516,096-903,16=50,068 млн.теңге

Энер-гиясын өндіру,беру және амартизацияға кеткен шығындарының ($И_{АМ}$) айырымын сипаттайды.

$$ЧП_т=ЧП-И_{жалпы} \quad (3.12)$$

$ЧП_т=50,068-24,8=25,268$ млн.теңге

Салымды ескергенде (пайдаға салық 20%) таза пайда болады:

$ЧП_{тп}=25,268-0,2 \cdot 25,268=20,21$ млн.теңге

3.6 Инвестиция тиімділілігінің қаржы және экономикалық көрсеткіштері

Қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі

Қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі - таза пайданы салынған инвестицияны қанша уақыттан кейін қайтара алатын көрсетеді, содан кейін таза пайданың өз игілігіне пайдаланылатынын білдіреді.

ТКҚ "Таза келтірілген құн"

Таза дисконтталған құн (ТДҚ) - Net present value (NPV) болашақтағы жоспарланып отырған таза пайданы дисконттап, оны салынатын инвестициядан алған кезде алынатын экономикалық тиімділік NPV>0 болу керек. Бұл салынатын ивестицияның тиімді екенін білдіреді. Және де келесі формуламен анықталады:

$$ТКҚ=\sum_{t=1}^{n}\frac{CF}{(1+r)^2}-I_c$$

мұндағы: I_c –жобаға кеткен инвестиция, млн. тг.,

r – жисконттау ставкасы

n – жоба реализация уақыты, ж.

$$CF=ЧП_{тп}+И_{ам} \qquad (3.13)$$

$$CF = 20,21+9,8=30,31 \text{млн.тенге}$$

Инвестиция салуда, егер:

ТКҚ>0 болса тиімді және ол бөлек қаржы табады.

ТКҚ=0 кезде инвестициядан пайда не шығыны да болмайтынын көрсетеді

ТКҚ<0 тиімсіз.

3.2 кесте

Год	Жылдық ақша ағымы ,млн.тенге	$\frac{1}{(1+r)^2}$,млн.тенге	ТҚК ,млн.тенге
0	140,835	-	140,835
1	30,31	0,9	-113,556
2	30,31	0,85	-87,48
3	30,31	0,79	-63,53
4	30,31	0,67	-44,73
5	30,31	0,64	-17,74
6	30,31	0,6	0,44

Есептелу бірінші болымды ТКҚ мәніне дейін есептелінеді. ТКҚ нөлден көп, сондықтан берілген дисконттау төлемінде жоба тиімді болады. Өйткені пайда ағыны пайда нормасынан қазіргі уақыттан асып тұр.

Есептелінген мәндерден қосалқы станцияға кеткен инвистицинын орны жабылуы алты жыл болады.

Қорытынды

Осы дипломдық жобада Алматы қаласындағы 110/10 кВ-ты 43А қосалқы стациясын қайта құру қарастырылады

Жаңа коммутациялық аппататтар мен қондырғылар орнатылды: трансформаторлар, элегазды ажыратқыштар, айырғыштар, ток және кернеу трансформаторлары және т.б. Осының арқасында, ҚС жұмысы оңтайландырылып, болашақтағы болжамдалған электр энергиясына деген сұрансыты толығымен қанағаттандырады

Желі және трансформаторлар параметрлері есептелді. RASTR бағдарламасында есептеу үшін алмастыру сызбасы жасалынды. Алматы қаласының желілерінің жұмыс режимдерінің есебі жүргізілді. Сонымен қатар, 43А қосалқы стациясын ескере отырып, жұмыс режимдерінің есебі жүргізілді. Есеп максималды және минималды жұмыс және апатты режимдері үшін әзірленді.

Тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде Қосалқы станцияда еңбек қорғау бойынша ұйымдастыру және техникалық шараларға қарастырылды.Сонымен қатар, Өрт қауіпсіздігінің шаралары мен өрт сөндіру жүйесіне есеп жүргізу және қ/станциядағы қондырғыларды жобалауда шудың деңгейін бағалау және есептеу қарастырылған.

Жобаның экономикалық бөлімінде негізгі экономикалық көрсет-кіштерді көрсеттім. Оның ішіне қосалқы станцияны жаңадан жобалаудағы кететін қаражат, әртүрлі шығындарды есептелінді. Жобаның экономикалық тұрғыда пайдалы екенін есептер арқылы анықталынды. Қосалқы станцияға кеткен инвистицинын орны жабылуы төрт жарым жыл болады.

Негізгі белгілері, символдары, бірліктері

ӘЖ-әуе желісі (электр берілісі);
ЭЖЖ-электр желіні жеткізу;
қ/ст- қосалқы станнция;
бұр-бұрыш;
КЕШ-климаттық есептеу шарты;
т/б-темірбетон;
КҚР – кернеу қатысында реттеу;
к-т-коэффициент;
Кт-трансформациия коэффициенті;
ес-кесте;
сур-сурет;
п-пункт;
б-бет;
реж-режім;
н-нүкте;
ТҚ-тарату құрылысы;
АТҚ-ашық тарату құрылысы;
ЖК-жоғары кернеу;
ОК-орташа кернеу;
ТК-төменгі керннеу;
а/ш-ауылшаруашылық;
кВ-киловольт;
км-километр;
МВа-Мегаватт;
ВАР-вольт-ампер-реактивті;
Да Н/мм^2- декаНьютон милиметр квадратқа;
млн.тг-миллион теңге;

Әдебиеттер тізімі

1 Электротехнический справочник. В 3 т. Т.3. В 2 кн. Кн. 1. Производство и распределение электрической энергии / И.Н. Орлов. 8-е изд., испр. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 2002. – 880 с.: ил.
2 Фирменный стандарт «Работы учебные» общие требования к построению, изложению, оформлению и содержанию. Разработан и внесен кафедрой АУЭС. 01.04.09.год.
3 Справочник по проектированию электроэнергетических систем /под. ред. С. С. Рокотяна, И.М.Шапиро. - М: Энергоатомизда, 1985. – 352 с. Герасименко А.А. Передача и распределение электроэнергии: Учеб. пособие. – Ростов-на Дону: Феникс, 2008.- 715 с.
4 Электрические системы: Электрические сети./ Под.ред. В.А. Веникова.—М.: Высшая школа, 1997.- 427 с.
5 Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. – Электрическая часть электростанций и подстанций: Справочные материалы для курсового и дипломного проектирования. М.: Энергоатомиздат, 1989.
6 Л.Д.Рожкова., В. С. Козулин. Электрооборудование станций и подстанции. Энергоатомиздат. 1987
7. Георгиев. Ю. Ф., Яхьяев. Э. А. Единые правила графического оформления студенческих работ. Методические указания к выполнению семестровых заданий, курсовых работ и дипломных проектов. Часть 1и 2, А., 1993
8 Санатова Т.С., Мананбаева С.Е. Безопастность жизнедеятельности. Методическое указание к выполнению раздела «Электробезопастность в электроустановках» в выпускных работах для специальности 050718 – Электроэнергетика. Бакалавриат – Алматы: АУЭС, 2009.-24с.
9 Герасименко А.А. Передача и распределение электроэнергии: Учеб. пособие. – Ростов-на Дону: Феникс, 2008.- 715 с
10 Евдокунин Г.А. Электрические системы и сети: Учебное пособие для студентов электроэнергетических спец. вузов. – СПб: Издательство Сизова М.П., 2001.- 685 с.Правила устройства электроустановок Минэнерго СССР 6-е изд, переработанное и доп. М; Энергоатомиздат. 1986.

11 Проектирование линий электропередачи сверхвысокого напряжения /Г.Н.Александров., В. В. Ершович., С.В. Крылов и др.; Под. ред. Г.Н.Александрова и Л. Л. Петерсона., Л. Энергоатомиздат, 1983.
12 ҚР ҚНжЕ 4.02-42.2006. «Жылыту, желдету және ауа баптау». Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министірлігінің Құрылыс және тұрғыг үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті. – Астана. – 2007 жыл
13 П. А. Долин Основы техники безопасности в электроустановках: Учеб. пособие.- 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат,1984. -448 с
14 Федоров А.А.Электроснабжение промышленных предприятий. М., Госэнергоиздат, 1961. 744с. 59

15 Демидович Б.П., Марон И.А. Основы вычислительной математики. М. «Наука», 1970. 664 с.
16 Методика технико-экономических расчетов в энергетике, разработанная ГК СМ СССР по науке и технике, АН СССР и МЭиЭ СССР, утверждена ГК СМ СССР по науке и технике 12/X 1966. 12 с.
17 Түзелбаев Б.И., Жақыпов А.А. Сала экономикасы. Бітірушілер жұмысының экономикалық бөлімін орындауға арналған әдістемлік нұсқаулар (Электр энергетикасы бағыты бойынша оқитын бакалаврлар үшін). Алматы: АЭжБИ 2008ж, - 27 бет.